

## 1995 жылы Қазақстан Республикасының ресурстарынан қымбат бағалы металдар босату туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 мамырдағы N 632

Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарын қымбат бағалы металдармен қамтамасыз ету және рынокты зергерлік бұйымдармен молықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының тұтынушыларына 1995 жылы қымбат бағалы металдар босату қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне республиканың тұтынушыларына қымбат бағалы металдарды "1994 жылы Қазақстан Республикасының ресурстарынан қымбат бағалы металдар босату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 наурыздағы N 240 қаулысы бойынша алдын-ала төлеу шартымен 1994 жылғы пайдаланылмаған лимиттер есебінен, ал қалған бөлігін - алтын валюта резервіндегі таза металдар мен 1995 жылға бөлінген лимиттер есебінен босатуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының дайындаушы-зауыттарымен қымбат бағалы металдардан өздеріне қажетті өнім дайындауға шарт жасассын, ал республикада мұндай қуат пен технология болмаған жағдайда - қажет өнімді дайындауға тапсырысты қымбат бағалы металдарды алыс-беріс шикізат ретінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға рұқсат пен лицензия болғанда толлингтік негізде таяу және алыс шетел кәсіпорындарына б е р е т і н б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы мен олардың мамандандырылған кәсіпорындары өзара жасалған шарттарға сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілерден түскен қымбат бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдауды және қайта өңдеуді қамтамасыз етсін.

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң  
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 1 0 м а у с ы м д а ғ ы  
N 6 3 2 қ а у л ы с ы н а

Қосымша

1995 жылға арналған Қазақстан Республикасының  
ресурстарынан Қазақстан Республикасының  
тұтынушыларына қымбат бағалы металдарды босату  
Лимиті

(Таза салмағы, граммен)

Тұтынушылар	Босатылуға тиіс
А л т ы н	
"Ащысайполиметалл" АҚ	20
"Зырян қорғасын комбинаты" АҚ	5
"Шымкент қорғасын зауыты" АҚ	4
"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ	28600
Тәжірибелік қорғасын зауыты, Өскемен қаласы	16
Ұлттық Банктің Мемқоймасы	1020
"Сувенир" АҚ	5000
"Медтехника" АҚ	4500
"Балқашмыс" ӨБ	16
"Рубин" ұжымдық кәсіпорны	1000
"Литос" жеке кәсіпорны	500
"Алматы зергерлік зауыты"	150000<*>
Жиынтық бөлінетіні	190681 <*>
К ү м і с	
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	635
"Лениногор полиметал комбинаты" АҚ	670000
"Ащысайполиметалл" АҚ	264
"Зырян қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ	100
"Шымкент қорғасын зауыты" АҚ	200
Тәжірибелік қорғасын зауыты, Өскемен қаласы	392
Ұлттық Банктің Мемқоймасы	1020
"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ	1728000
"Жезқазғантүстімет" АҚ	353
"Жезкент кен-байыту комбинаты" АҚ	200
Алматы оқу-өндірістік комбинаты-1	2420
Қазақ зағиптар қоғамының тәжірибелік-механикалық кәсіпорны	59399
Қазақ зағиптар қоғамының Өскемендегі оқу өндірістік комбинаты	60000
"Атасуруда" АҚ	2299

"Сувенир" АҚ	513000
"Алматы электробытприбор" АҚ	5000
"Электроапарат" АҚ, Шымкент қаласы	1600
"Балқашмыс" ӨБ	855
"Литос" жеке кәсіпорны	240
"Алматы зергерлік зауыты"	1000000 <*>
Жиынтық бөлінетіні	4045977 <*>
Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 1995.07.14. N 980 қаулысымен.	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК